

# ТІЛ БІЛГЕН ТІЛЕГІНЕ ЖЕТЕДІ

**Қоғамда ағылшын, қытай, корей тілі сынды бірнеше тілде сөйлеу – жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, тұлға ретінде өсуге және дүниетанымның кеңейіп, мәдени түсіністікті дамытуға ықпал ететін құнды дағды. Жаһандану және технология дәуірінің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие маман болу үшін тіл меңгеру үлкен маңызға ие.**

Тіл үйренудің артықшылығының бірі – мансаптық мүмкіндіктер. Қазіргі уақытта екіден көп тілді үйрену – Z буынының күші. Өйткені барлық дамушы жұмыс орындары көп тілді білімді талап етеді. Көптеген компаниялар өрісін кеңейтіп, әлемдік нарыққа шығу үшін бірнеше тілде еркін сөйлейтін мамандар іздейді. Бұл, әсіресе, халықаралық бизнес, дипломатия және туризм салаларында өзекті. Екінші тілді үйрену жұмысқа орналасу мен мансаптық өсудің жақсы мүмкіндіктеріне әкелуі мүмкін.

Тіл үйренудің келесі артықшылығы – мәдениетті түсіну. Полиглот жан-

дар әртүрлі тілде кітап оқып, тың деректермен таныса алады. Жаңа тілді үйрену арқылы сіз әртүрлі мәдениеттегі адамдармен тіл табысып, олардың көзқарасын түсіне аласыз. Дәстүрлерін бағалап, дос арттыруға да мол мүмкіндік береді.

Жеке және кәсіби артықшылықтардан басқа, өзге тілді үйренудің танымдық пайдасы да бар. Зерттеулер көрсеткендей, екі тілділік проблемаларды шешу, көп тапсырма беру және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіре алады. Ол, сондай-ақ, деменцияның және Альцгеймер ауруының басқа белгілерінің басталуын кешіктіріп, алдын

алады. Жаңа тілді үйрену арқылы сіз танымдық қабілеттеріңізді арттырып, ақыл-ойыңызды өткір ұстай аласыз. Тіпті, көп тіл меңгеру арқылы әлемнің кез келген еліне еркін саяхаттап, көкжиегіңіз кеңейері анық.

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Қорытындылай келе, көп тіл меңгеру – әрбір азаматтың тұлға ретінде қалыптасып, сұранысқа ие маман болуынан бөлек, оның Жаңа Қазақстанды қалыптастыруда өз үлесін қосуына мүмкіндік береді. Яғни, қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, шет мемлекеттерге таныстыруға және керісінше, шетелдерден алған ілімін елімізге сіңдіруге, өзі меңгерген тіл арқылы өзге ұлттарды тануға жол ашады. Сондықтан еліміздің әрбір азаматын көп тіл меңгеріп, көкжиегін кеңейтуге шақырамыз.

**А.ЕШМҰРАТОВА,  
Л.КАЛИБЕКОВА,**

**М. Әуезов атындағы ОҚУ  
филология факультеті  
«Гуманитарлық мамандықтар  
үшін шет тілі» кафедрасының  
аға оқытушылары**